

БЕКІТЕМІН:
«Нұр-Балауса» бөбекжай
балабақшасы
меңгерушісі С.Қ Мұхамедиярова 
№1 пед.кеңес шешімімен
«29» .08.2025ж бекітілді.

***«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасының
2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен
оқыту жұмысының жылдық
жоспары***

І. Ақпараттық анықтама

Іс- қағаздар	Мемлекеттік лицензиясы. 24018672
Тарих	Қай жылы ашылды: 2019ж Негізгі аталуы: «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы Мекемебасшысы: С.Қ. Мухамедиярова
Мекен-жайымыз	Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Ордабасы ауданы Берген Исаханов ,Шоссе Темірлан ,дом 6
Балабақша ғимараты	Ыңғайластырылған ғимарат.
МДМ моделі	3- топ қызмет етеді. Жобалық қуаттылығы: 75 бала саны Жұмыс тәртібі: 08.00-18.30.

Ресурстық қамтылуы

Педагогтардың кадрлық сапасы	2024-2025 ж Барлық педагог саны -7 <u>санаттары: жоқ</u> <u>білімі: жоғары-6</u> <u>арнаулы орта-1</u>	2025-2026 ж Барлық педагог саны -7 <u>санаттары: жоқ</u> <u>білімі: жоғары-6</u> <u>арнаулы орта-1</u>	2026-2027 ж Барлық педагог саны - 7 <u>санаттары: жоқ</u> <u>білімі: жоғары-6</u> <u>арнаулы орта-1</u>
---------------------------------	--	--	---

Біліктіліктерін арттыру курстан өткендер 100%

Дене тәрбиесі және сауықтыру жұмыстары	<i>Сауықтыру шаралары:</i> Жеңіл-желпі киім-кешек; Ояну жаттығулары, өз-өзін сылау элементтерімен; Дем алу жаттығулары; Дене тәрбиесі іс-әрекеттері; Серуендегі жаттығулар; Денсаулық апталықтары; Профилактикалық шаралар <i>Тамақтануды ұйымдастыру:</i> Негізгі астың талаптарын орындау (ет, май сары, өсімдік майы, сүт, жұмыртқа, ұн, крупа, картоп, көкөністер, жемістер) сұранысқа сай.
--	---

Мектеппен және басқа мекемелермен байланыс

сабақтастық	«Көпбай Омаров» атындағы жалпы орта мектебі Кеңестер; Семинарлар, кездесулер, театрландырылған қойлымдар, экскурсиялар, іс-шараларға, даярлық топтың оқу қызметіне қатысу.
-------------	---

2025 – 2026 оқу жылында тізім бойынша 75 бала.

3–топ қызмет етеді.

Балалардың сапалық құрамы

№	топ	Оқыту тілі	Бала саны	Ақысыз	қыздар	ұлдар
1	Балдырған ортанғы топ	Қазақ тілі	25	жоқ	18	6
2	Жас-Өркен ересек топ	Қазақ тілі	25	жоқ	12	13
3	Жұлдыз ересек топ	Қазақ тілі	25	жоқ	13	12
4						
5						
6						
7						
8						

Ата-аналардың сапалық құрамы

Оқу жылы	Жалпы	Толық отбасы	Толық емес	2-3 баласы бар отбасы	Көп балалы	1 бала	Білімі		
							Жоғары	Арнайы орта	орта
2025-2026	75	70	5	15	60	0	40	15	20

2025 /2026оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы	жасы	Санаты	ұлты	білімі	Диплом бойынша мамандығы	лауазымы
1	Мұхамедиярова Салтснат Құралбекқызы	22.12.1989ж	36жас	Педагог	қазақ	жоғары	Педогог және бастауыш	Меңгеруші Әдіскер
2	Дүйсенбекова Гульдана Нартаевна	08.08.1987ж	39жас	Педагог	қазақ	Арнаулы орта	Бастауыш оқытудың педогогикасы	Тәрбиеші
3	Омарова БақыткулТурғанбековна	08.04.1984ж	41жас	Педагог	қазақ	жоғары	Бастауыш оқытудың педогогикасы	Тәрбиеші
4	Талибова Гулмира Халжигиткызы	29.05.1999ж	26 жас	Педагог	қазақ	жоғары	Бастауыш оқытудың педогогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші
5	Түлегенова Нарзиза Амантайқызы	01.04.1990ж	36жас	Педагог	қазақ	Арнаулы орта	Психология	Тәрбиеші
6	Тургунова Лаззат Жандарбековна	13.07.1988ж	38жас	Педагог	қазақ	жоғары	Бастауыш оқытудың педогогикасы мен әдістемесі	Тәрбиеші
7	Туганбаева Сандұғаш Құттыбековна	24.03.1990ж	36жас	Педагог	қазақ	Жоғары	Педогогика және психология	Тәрбиеші
8								

II бөлімі.Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау.

Мақсаты: Басшылықтың дамудың әсер ету дәрежесін анықтау, мекеменің тиімділігін қалыптастыру. Мектепке дейінгі мекемелерді басқару «Білім туралы» ҚР заңына және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары туралы үлгі ережеге» ашықтық, адамзат құндылықтарының басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау және жеке тұлғаны еркін дамыту қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады «Нұр-Балауса» бөбекжай-бақшасы өз жұмысын мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес атқарады. ЖШС басшылығы мектепке дейінгі мекеменің жарғысына және ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. ЖШС басшысы өз функцияларын лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес орындайды. Мектепке дейінгі жастағы балалары бар отбасыларға сапалы білім беру қызметін көрсетуге бағытталған ашық жүйе ретінде «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы мекемесінің білім беру жүйесі дамып келеді.

2025-2026 оқу жылында «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы білім беру мекемесінің қызметі заманауи басқару технологияларын дамыту, білім беру үдерісін сапалы басқаруды жетілдіру арқылы басқару жүйесін жетілдіруге, материалдық-техникалық базасын сақтауға және дамытуға бағытталған.

Басқару барысында келесі міндеттер шешілді:

- мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің орындарына және қызметтеріне халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру;
 - білім беру сапасын арттыру;
 - балалардың денсаулығын жақсарту;
 - Мектепке дейінгі білім беру ортасының мазмұнын және ұйымдастырылуын жақсарту;
- 2022-2027 жылға дейін әзірленген даму бағдарламаны іске асыру

- «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы командалық бірліктің және өзін-өзі басқарудың біртұтастығына негізделеді, бұл мектепке дейінгі мекеме әкімшілігінің педагогикалық кадрлармен өзара әрекеттесуін күшейтуді білдіреді, бұл өз кезегінде әрбір мүшенің өзін-өзі тану мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қызмет нәтижелері бойынша өткен 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру жүйесінде болған оң өзгерістер туралы және болашақта шешілетін мәселелер туралы айтуға болады.

2025-2026 оқу жылында 3 топ жұмыс істеді. Онда 75 бала тәрбиеленеді. Оқу - тәрбие жұмысы қазақтілінде жүргізілді. Білім беру үрдісі мемлекеттік стандарт және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша жүргізілді. Балалардың күн тәртібі мен өмірін ұйымдастыру санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сай тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына құрылады.

- Әрбаланың жеке-тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды дамыту мақсатында бес дағды бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді.

Балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді. «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары бойынша әртүрлі жастағы топтарда дидактикалық

материалдар қолданылды. Балаларды бақылау әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау жұмыстарын тәрбиешілер жүргізіп отырды. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктерімен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі «Мектепке дейінгі балабақша республикалық орталығындағы» Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны нигеру бойынша балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік

ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының үш деңгейі болуын қарастырады. Біз бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес кесіске асырдық. Біз бөбекжай балабақшамызда жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғатәрбиелеу үшін көрме, сайыстар, мерекелік іс-шаралар, спорттық ойын-сауықтар ұйымдастырдық. Топ бұрыштарында өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарындамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Бөбекжайдың ересек тобында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған дидактикалық ойындар, балалардың әр түрлі кәсіп түріне дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана», «Асхана» және де Ойнау басқатақырыптар бойынша түрлі жинақтармен жұмыс жүргіздік. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып сөйлеуде ағдыларын монолог және диалогтық сөйлеуін тіл байлығымен, баланың бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйреттік, еңбексүйгіштік қасиетке бейімдеп тәрбиеледік. Балабақшамызда педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес бес рет өткізілді. Педагогикалық кеңестер өз уақытында өткізіліп түрлі тақырыптар талқыланды. Басым бағыттар бойынша жұмыстар педагогикалық кеңесте қаралды. Оқу жылының басында педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту, өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу арқылы тәжірибе жинау мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспары түзіліп бекітілгенеді. Белгіленген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өз уақытында ұйымдастырылды. Сонымен қатар қараша айында «Заманауи инновациялық әдістерді қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту жолдары» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Семинарға Шұбарсу округіндегі барлық мектепке дейінгі ұйымдардан педагогтар келіп өзара тәжірибе алмасты. Мерекелік және шынықтыру іс-шаралары өткізілді. Балаөмір қауіпсіздігіне байланысты балалармен әңгіме сұхбат жүргізілді. «Үйдегі қауіпсіздігі» туралы кеңестер, «Абайла бала қай» жол белгілері туралы кимылды ойындар, денсаулықтарын сақтау үшін кеңестер берілді. Спорт ойындары «Біз болашақ спортшылар», «Кім күшті, кімепті?», «Үлттық ойындар» ұйымдастырылды. «Достығымыз жарасқан» сурет көрмесі, «Жаз мезгілі тамаша» фото көрмелер өткізілді. «Мен бәріне бейбітшілік тілеймін» мерекелік шара, «Ұлы жеңістүз желбіре!» мерекелік ретпенгілік, сахна қойылымдары да ұйымдастырылып отырды. Жаз айларының аясында әр күнімізді қызықты ұйымдастыруға әреке жасадық. Балаларды сауықтыру және шынықтыру жұмыстары жаз бойы жалғасты, жұмыстарының жүргізілу сапасына бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар мынадай қиындықтар бар: Дене шынықтыру залының жоқтығы.

2020-2022 жылы туылған балалар балабақшаға қабылданып, бейімделу кезеңін сәтті өтті. Тәрбиеленушілердің әлеуметтену деңгейі жақсы деп айтуға болады. Келесі оқу жылында тәрбиеленушілерді балабақшаға бейімдеу жұмыстарын бұдан да жетілдіру қажет. Балабақшаның білім ортасы барлық санитарлық-гигиеналық талаптарға сай. Балабақшаның педагогикалық ұжымы оқу жылының барысында өз жұмысының оқу жоспарын, жылдық міндеттерін төмендегі жұмыстар арқылы жүзеге асырды. Жыл бойы жылдық жоспарда көзделген педагогикалық сағаттар - бақылау қорытындыларын, педагогикалық тәжірибені меңгеру және талдап қорыту тақырыптарында жүргізілді.

- Өткен жылы мекеменің нормативтік базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Жыл ішінде тиімді басқару жұмысы үшін әкімшілік мекеме жұмысының номенклатурасын, жергілікті ұйымдастыру-нормативтік құжаттарын, барлық қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларын әзірлеп, мақұлданды; Ата-ана келісім шартына, еңбек келісім шартына ОТ нұсқауларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік базасын дамыту бойынша жұмыс жалғасуда.

Балабақшада педагогикалық және ата-аналар кеңесі ЖШС «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы жарғысында көзделген міндеттерге сәйкес жұмыс істеді.

Балабақша педагогикалық кадрларды кәсіби біліктілігін арттыру және өзін-өзі тәрбиелеу үшін жағдай жасады, педагогтар арнайы біліктілік көтеру курстардан бпедагог өтті.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін үйлестірудің негізгі нысандары - ішкі бақылау туралы ережеге сәйкес лауазымдық міндеттердің атқарылуы және жоспарына сәйкес жүзеге асыруы түрлері пайдаланылды: тақырыптық, жедел, қорытынды, өзін-өзі бақылау. Бақылау түрі үшін бұйрық шығарылды, жұмыс тобы құрылды. Тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар шығарылды. Бақылаудың нәтижелері педкеңесте, педсағатта немесе басшы жанындағы жиналыста қаралды. Мониторинг мектепке дейінгі мекемелердегі барлық іс-әрекеттің нормативтік құжаттарға, педагогикалық кеңестердің шешімдеріне, басшылардың тапсырмаларына сәйкес орындалатындығын анықтауға мүмкіндік береді, кемшіліктерді және олардың себептерін анықтауға, мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің өз міндеттерін орындауына жеке жауапкершілігін арттыруға, өнімділікті қадағалау және талдау бойынша жүйелі кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Оқу жылында МДМ де жүйелі бақылау жасады:

Оқу үрдісінің процесі мен нәтижелері; мектепке дейінгі барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарына сай болуы; ішкі еңбек нормаларын сақтау; жоғары ұйымдардың шешімдері мен ұсыныстарын орындау. Бақылауды ұйымдастыруға мұндай көзқарас оны тиімді және белсенді етуіне мүмкіндік берді. Тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар уақытында орындалды. Жоспарлы бақылаудың нәтижесі бойынша «Балдырған», «Жас-Өркен», «Жұлдыз» топтары оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жоғары сапасын көрсетті: Жариялықты қамтамасыз ету және объективті шешімдер қабылдау үшін педагогикалық кеңестерде, жалпы жиналыста және оперативтерде бақылаудың нәтижелері талқыланды. *Оңтайлы жағдай:*

- Мекеменің нормативтік және материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- Оқу үдерісі тәрбиеленушілер үшін жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз етеді
- Басқару қызметін жүзеге асыру оңтайлы деңгейде жүзеге асырылды.

Оқу үдерісін жүзеге асыру сапасы ең алдымен оларға тағайындалған кәсіби функцияларды орындайтын қызметкерлерге байланысты.

2025-2026 оқу жылында «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасының қызметкерлері 100% педагогикалық ұжыммен және 100% қолдау көрсететін қызметкерлермен жұмыс істеді. Балабақшада барлығы 7 педагог бар.

Қызметкерлердің кадрлық құрамы

Барлық қызметкерлердің саны	Әкімшілік	Педагогтар (тәрбиешілер, мамандар)	Медициналық қызметкерлер	Кіші қызметкерлер
22	1	7	1	13

Педагогтардың кадрлық құрамы:

1	Басшы	1
2	Әдіскер	0
3	Тәрбиеші	6
4		
5		

Медициналық кадрлық құрамы:

1	Мед бике	1
---	----------	---

Кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталаған іс- шаралар, педкеңестер, семинарлар, байқаулар, көрмелер, ашық ұйымдастырылған оқу қызметі, т.б іс- шаралар, педагогтардың біліктілік деңгейлерінің жоғарлауына әсер етті. Стандарт бойынша ойын түрлерінде өткізілген ашық іс-шараларға қызығушылықтар танытты. Тәрбиешілер мен арнайы мамандар қалалық семинарда ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсетті.

Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып әдістемелік шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастыру. Педагогтарды әдістемелік бірлестіктерге, курстарға үнемі жіберу арқылы іс- тәжірибелерін шыңдау қажет.

Оңтайлы жағдай:

Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету - 100%;

- Білімі мен біліктілігінің жеткілікті деңгейде болуы.

Кедергі болатын жайттар:

- аудандық және облыстық білім беру жүйесінде педагогтар өздерінің педагогикалық тәжірибелерін таратуға ынталануы төмен. Әдістемелік кабинет бағдарламалық материалдармен жабдықталған, бірақ соңғы жылдары педагогтар оны пайдалану деңгейі айтарлықтай төмендеді. Педагогтар АКТ технологиясын кеңінен қолдануды қолға алу.

Балалардың денсаулық топтары бойынша салыстырмалы талдама

Сырқаттану	2024 ж	2025ж
Барлық балалар	-	-
ЖРВИ	-	-
Пневмония	-	-
Бронхит	-	-
Отит	-	-
Шешек(ветрянка)	-	-
Ангина		
Басқа		
Бөбектер бақшасы бойынша		

Балалардың жалпы қатысу мен сырқаттану бойынша көрсеткіштері.

Қорытынды: Балабақшада балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту үшін үлкен жұмыс жүргізілді. Балалардың мерзімді медициналық бақылауы 100% қамтылған. Балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарын, тәрбиенушілердің отбасыларымен өзара әрекеттерді жалғастыру. Келесі жылда балалардың сырқаттануын қысқарту мақсатында сауықтыруды жалғастыру керек. Балабақшамызда жылдан жылға ОРВИ, тұмау ауруларымен біраз азайды. Түрлі сауықтыру шараларды өткізуді педагогтардан талап ету сонымен қатар ата-аналар қауымын осы жұмысқа кіріктіру. Дене шынықтыру орталығы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Бір айда 1 рет спорттық шаралар, жылына екі рет «Денсаулық күні» өткізілді. Педагогтер балалармен «Спорттық жарыстар!» атты спорттық мерекелік шара т.бб ұйымдастырылды. Келешекте балалардың иммунитетін, денсаулықтарын нығайту барысында жаңа технологияларды кеңнен пайдалануды жоспарлап отырмыз. Дәстүрден тыс сауықтыру жұмыстары жалғасуда.

2025-2026 оқу жылына балабақшаның жылдық жоспарын құрастыруда төмендегіні басшылыққа алдық:

Мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылығы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Адал азамат" Біртұтас тәрбиебағдарламасына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Балабақша жұмысының басым бағыты:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық- тілдік дамуы» тілдік мәдениет; интеллектуалды-танымдық; денсаулықты сақтау және сауықтыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды деңгейі және тұлғалық шығармашылық қабілеттерін дамыту –ол ана тілін жетік меңгеру дағдылары арқылы әлеуметтік өмірдің құбылыстары мен ғылыми білімдерін одан әрі тәуелсіз байланыстыру, сондай-ақ балабақша мен мектептің және кітапханамен сабақтастығы үшін жаңа технологияларды іздестіру мен іздеуді жетілдіруге бағытталған.

Міндеттері:

1. Мектепке дейінгі білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарына сәйкес оқу-тәрбие үдерісін қалыптастыруда әкімшілік аппараттың, әдістемелік және психологиялық қызметтердің қызметін оңтайландыру үшін ұйымдық және әдістемелік жағдайлар жасау.
2. Мемлекеттік стандарттарды іске асыру үшін жұмыс құжаттамаларын (бағдарламаларын) жоспарлау және реттеу
3. Білім салалары арқылы балалардың физиялогиялық және психикалық денсаулығын қорғауды және нығайтуды қамтамасыз ету.

Жылдық міндеттеме

- «Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулықты нығайту жеке қасиеттерін дамытып жалғастыруға ықпал ету арқылы, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін жинақтау және байыту».

- «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық- тілдік дамуын ұлттық тәрбие негізінде белсенділендіру».

Жаңа технологиялар


Денсаулық сақтау технологиялары; Ойын технологиясы; ТРИЗ технологиясы; Жобалау, зерттеу технологиясы; Дамыту технологиясы; Ақпаратты-коммуникативті технология ; «Мнемотехнология балабақшада»; «Дьенеш блоктары»; «Лего конструктор»; «Метод Кюзенера»; «Монтессори»; «Лэпбук» т.б

«Нұр-Балауса» бөбекжай-бақшасы 2024-2025 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің қорытынды бақылау көрсеткіштері бойынша талдау есебі

«Нұр-Балауса» бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілердің білім салалары бойынша үлгілік бағдарламаны игеру мониторингі бастапқы, аралық, қорытынды болып табылады. 2025 жылдық мамыр айының 15-25 аралығында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін аралық бақылау жылдық қорытындысы бойынша жүргізілді. Мониторинг жүргізу ортаңғы топ 3-жас, ересек топ 4-жас, мектепалды топ 5-жас балаларымен өтті. Қатысқан барлық бала саны 75 – 3 топ. Индикаторлар жүйесі баланың жасына сәйкес әр білім беру саласы бойынша жасалды. Индикаторлар көрсеткіштер ретінде дискрипторлар түрінде кодпен берілген, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Сараптама бес білім беру дағдылары жоғары және орташа деңгей көрсеткіші жалпы балабақша бойынша орта пайызы 99%:

«Балдырған» ортаңғы топтары яғни 3 - жастағы 25 бала қатысты -98%; «Жас-Өркен» ересек топтар 4- жастағы 25 бала қатысты - 98%; «Жұлдыз», мектепалды тобы 5- жастағы 25 бала қатысты 100 %,.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы 2024-2025 оқу жылының қорытынды бақылау білім саласы бойынша нәтижелері балабақша көрсеткіші 99%.



Физикалық дамуы бойынша бағдарлама материалын игерді: мониторинг нәтижелері бойынша балалар бағдарламалық материалды меңгерудің оңтайлы нәтижесін көрсетіліп бағдарламалық материал игерілді 99% -ды құрайды. Алайда, оқу жылы бойы барлық топтарда негізгі қозғалыс түрлерін, негізгі дене тәрбие әрекеттері дамыды.

Коммуникативтік дағдыларды дамуы бойынша топтарда балалардың эмоционалдық қабілетін дамыту үшін арнайы жағдай құрылды. Балабақшада тіл дамыту жұмыстарын айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен таныстыру арқылы жүзеге асырылды. Көркем әдебиет арқылы бала тілін дамытуда тек қана ертегі, өлең, әңгімемен шектелмей жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтел түрлерін де сабақ жоспарына енгізілді. Тәрбиеленушілер бағдарлама материаларын игеруі - 98% құрады.

Танымдық, зияткерлік дағдыларды дамуы бойынша балабақшадағы жүзеге асырылатын математика негіздері мектепке дейінгі балалардың табиғи-ғылыми дамуының бір бөлігі болып табылады. Заттардың пішіні, шамасы, қатынастары және қасиеттері, сандар, цифрлар және олардың арасындағы қасиеттер туралы математикалық түсініктерді ала отырып, бала заттардың әртүрлі қасиеттері мен тәсілдерін меңгереді, оқу барысында қалыптасқан білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолданады. Бағдарламалық материал материалы 98% игерілді.

Шығармашылық дағдыларын дамуы бойынша балалардың бейнелеу қызметі бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиешілер сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға ынтасын тәрбиелеуде. Қарандашпен, қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу технологиясын, дәстүрлі емес әдіс тәсілдерді меңгерді. Музыкалық тәрбие. Бұл бөлімнің мазмұны музыкалық-шығармашылық қызметтің бастапқы тәжірибесінің жинақталуын мектепке дейінгілердің музыкалық-шығармашылық практикалық қызметінің біліктілігі мен дағдыларын дәйекті түрде меңгеруін, музыка өнеріне деген

саналы қарым-қатынасты қалыптастыру үшін тірек базасын жасауды көздейді. Балабақшада ән-күй жетекшілері мен топ тәрбиешілері тығыз байланыста жұмыс істеуде. Құрастыру мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын қалыптастыруда үлкен маңызы бар. Ол балалардың бойында шығармашылық қабілетті, қиялды, ойлау жүйесін, кеңістікті түсінуге ықпал етеді. «Шығармашылық» дағдылары бойынша жалпы: үшінші және екінші деңгей: 99% құрады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырубойынша ұйымдастырылған іс-әрекеті ізденіс сипаты болуы; білім беру қызметінің педагогикалық процесінің алдын-алу сипатының болуы; интеграциялық-дифференциалды сипаттың болуы; оқыту үрдісінің субъектілері арасында қарым-қатынастың диалогтық типіне ықпал ету; қоршаған ортамен таныстыру-заттар туралы, олардың ерекшеліктері мен сапасы туралы, оларды пайдалану мен дайындау тәсілдері туралы білімді қамтиды. Бұл бөлімнің міндеттерін іске асыру қоғам өмірі, ересектердің еңбегі мен қызметі туралы, мінез-құлықтың қарапайым нормалары мен ережелері туралы түсініктерді қалыптастыруды көзделіп 99% құрады.

Ұсыныстар: Барлық топ тәрбиешілеріне: бағдарлама материалдарын меңгерудің сапасы жақсарғаны айқын. -Үлгілік бағдарлама мазмұнын дамуын жетілдіру мақсатында балаларға жеке-дара жұмыс жасау барысында нәтижесі бар. Балалардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру, педагогтардың беретін білім сапалығын арттыру мақсатында замануи әдіс-тәсілдерді қолдану.

Әдістемелік жұмысты іске асыру талдау

Талдау мақсаты: Әдістемелік жұмыстың өнімділігі деңгейін анықтау, оның даму үрдісінде кәсіби -педагогтар құрамын құру процесінде оның рөлі.

«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшаның педагог мамандардың педагогикалық дағдыларын жетілдірудің ең маңызды құралы - мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тұтас жұмыс жүйесін біртұтас байланыстыру - бұл әдістемелік жұмыс. Оның рөлі заманауи жағдайларда маңызды болып табылады, себебі оқытудың жаңа әдістерін, әдістерін және оқу-білім беру нысандарын тиімді және тиімді қолдану қажет. МДҰ әдістемелік қызметінің негізгі мақсаты тәрбиешілерге педагогикалық дағдыларын жетілдіру, жеке мәдениетті дамыту, білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіруге, қазіргі заманғы білім беру технологияларын игеруге, білім сапасын жақсартуға бағытталған шығармашылық әлеуетті арттыруда тиімді көмек көрсету болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мектепке дейінгі мекеменің әдістемелік қызметі мынадай міндеттерді шешеді:- инновациялық процестерде даму бағдарламаларын жоспарлау, жобалау және іске асыруға оқытушылар құрамының белсенді қатысуын ұйымдастырады;кәсіби біліктілікті жетілдіру, педагогикалық дағдыларды дамыту және әрбір педагогтың, баланың тұлғасын оңтайлы қалыптастыруға және дамытуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау;- бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастырады және басқару және ғылыми-әдістемелік құжаттаманың ақпараттық ағындарын реттейді, білім беру практикасындағы жетістіктердің құнды тәжірибесін шоғырландырады. - жаңа әдістер, қазіргі заманғы бағдарламалар мен технологиялар туралы, оқу үдерісін ұйымдастыру және диагностикалау туралы тиімді және уақтылы ақпарат береді; -«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшаның жұмыс істеуі мен дамуы үшін нормативтік-құқықтық базаны құру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; - білім беру үдерісін бағдарламалық қамтамасыз етуді және әдіснамалық сүйемелдеуді оңтайландыруға, позитивті педагогикалық тәжірибені енгізуге және таратуға, инновацияны қалыптастыруға жағдай жасайды; - педагогикалық шығармашылықты ынталандырып, тәрбиешілердің жұмысында қиындықтарды анықтайтын даму процесін объективті талдау және нәтижелерге мониторинг жүргізу рәсімдерін қамтамасыз етеді. - мемлекеттік стандарттың орындалуын және білім беру бағдарламаларын іске асыруды, педагог қызметкерлердің даму деңгейін, олардың оқуға дайындығын бақылайды;- балалардың әлеуметтік мекемелерімен және педагогтармен, ата-аналармен (занды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасайды.

Осы міндеттерді орындау әдістемелік жұмыстың келесі формалары арқылы жүзеге асырылды: - педкеңестер (әр түрлі); семинарлар; педагогикалық қызметтің ұжымдық көзқарасы; әдістемелік бірлестік; өздігінен білім беру тақырыбында жұмыс істеу; іскерлік ойындар; тренингтер; викториналар; топтық жобалар бойынша жұмыс; шығармашылық есептер; міндеттер мен практикалық жағдайларды шешу, тестілеу; аттестация.

Барлық осы нысандар 2025-2026 оқу жылындағы бағдарламада тұжырымдалған мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің нақты міндеттерін іске асыруға бағытталған.

Педагогтардың кәсіби-біліктілік деңгейін арттыру

Мақсаты: Жаңа технологияларды іздеу және меңгеру, шығармашылық ынтаны дамыту, кәсіби жоғары дәрежелі мамандық деңгейін көтеруді қамтамасыз ету.

1. Мемлекеттік стандартты орындау;
2. Әдістемелік әдебиетті зерттеу;
3. Үлестірмелі және ойын материалдарын дайындау;
4. Затты- дамытушы органы құру;
5. Біліктілікті арттыру;
6. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық әдіс-тәсілдерді жас ерекшеліктеріне сай іріктеу;

7. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы тәрбие және білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне талдау жасау. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету

8. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбие және білім беру үдерісінде заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын қолдану аясында тәрбиешілер мен педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру:

Ұйымдастырылған оқу қызметінде инновациялық әдіс-тәсілдерді жас ерекшеліктеріне сай іріктеу.

1. Әдістемелік әдебиетті зерттеу;
2. Жабдық дайындау;
3. Спорттық бұрышын жасақтау;
4. Семинарлар, педагогикалық кеңестерге, педагогикалық сағаттарға қатысу.
5. Сергіту жаттығулар жиынтығын жинақтау

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы тәрбие және білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне талдау жасау;

- инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында балабақша жұмысына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру қажеттілігін негіздеу;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие және білім беру үдерісінде заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын қолдану аясында тәрбиешілер мен педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагогтарында әртүрлі қызмет түрлерінде (ойын, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, еңбек және т.б.) мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудың заманауи интерактивті нысандары туралы біртұтас білім қалыптастыру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде интерактивті нысандарын (диалогтық технологиялар, ТРИЗ технологиялары, денсаулық сақтау технологиялары және т.б.) қолдану дағдыларын дамыту;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті өзара әрекет ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қабілетін қалыптастыру;

- мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен педагогтарында өзіндік білім алу қажеттілігін қалыптастыру. Балалардың байланыстыра сөйлеу қабілетін инновациялық оқыту технологиялары арқылы жетілдіру кезінде үштілдік құзіреттілікті басым бағытта алу:

-байланыстырып сөйлеуге үйрету. Мұнда балалар оқығандары мен көргендерінің, естігендерінің мазмұнын жүйелі түрде ауызша айтып, үш тілде мазмұндауға үйрету;

Белсенді қимыл іс-әрекетінің ойын сипаты балалардың дене шынықтыру сабақтарында, ойынға қатысу барысында қанағаттанарлық сезімін дамытып, өз денесіне жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына жағдай туғызу. Балалардың белсенді қимыл іс-әрекет негізінде (ойын, жаттығулар) шығармашылық көрсете білуге талпыныс арттырып, дамыту, яғни жануарлардың қимыл-қозғалысын, түрлі табиғат құбылыстарының, өсімдіктердің өсуі мен өзгеруіне еліктеуге тәрбиелеу. Белсенді қимыл іс-әрекет негізінде балалардың денсаулығын нығайту кезінде Н.Н.Ефименко сауықтыру технологиясын басым бағытта алу: -спорттық шаралар мен ойындарға, дене шынықтыру жаттығуларына белсенді қатысуға баланың қызығушылығын дамыту және тәрбиелеу; - негізгі қимыл –қозғалыс ойындарын дамыту; -бала денсаулығы үшін ертеңгі гимнастика, сумен емдеудің маңыздылығын қалыптастыру.

Жоспарлау барысында әр бөлім мазмұның балалардың жас ерекшелігіне лайықты болуы ескерілді. Сондықтан, жылдық міндет- мақсаты балалардың жан-жақты дамуына бағынады. Соның ішінде: -педагогикалық кеңес -5; -семинар-практикум -3; -«Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер апталығы» - 3 рет жылына; -Көрме, сайыс- мереке сайын.

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты:Жас тәрбиешілерге әдістемелік көмек бере отырып, шығармашылыққа баулу.**Міндеттері:**Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру; шығармашылық ізденістерді арттыру; ізденімпаздыққа, іскерлікке дағдыландыру.

Жас мамандар мектебінің құрылымы

1. Жас мамандардың тізімі алынды.

2. Оларға тәлімгер бекітілді

3. Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстың жоспары жасалды

4. Жас мамандар жоспар бойынша құжаттармен

таныстырылды

5. Анкета жүргізу арқылы, оларға қандай көмек қажет екендігін анықтаймыз

6. Психолог арнайы тренингтер ұйымдастырды

7.Олардың қызығушылығын, ізденушілік қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі сайыстар ұйымдастырдық

Жас мамандардың тәжірбиелі тәлімгер тәрбиешілермен бекітіліп, жоспар құрылып жұмыстар жасалды.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС.

Бірлескен ойын, практикалық зерттеу және іздеу қызметтері арқылы баланың таным қызығушылығы мен білуге құмарлығын қанағаттандыру; Баланың жеке тұлғасы дамуы үшін қажетті жағдай жасау бойынша ата-аналармен өзара қарым қатынас орнату; Демеушілік көмек көрсету, ұйымдастырылған оқу қызметіне қатыстыру (сабақтар, жоба, спорттық, музыкалық іс-шаралар,) сауалнама өткізу. Әжелер, әкелер мектебі, ана тәрбиесі, ата-өнері бағыттары бойынша жұмысты нығайту. Баланы кешенді тәрбиелеу отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы тығыз ынтымақтастықта мектепке дейінгі ұйым мен балалардың ата-аналарының ықпалдастығы бойынша заманауи жұмыс түрлерін қолдану, әлеуметтік-мәдени нормаларға, мемлекеттің, қоғамның және отбасының дәстүрлеріне тартуға ықпал ету жұмыстары, отбасымен ықпалдастықты ұйымдастыру бойынша балабақша ұжымымен жұмыс, педагогтерді ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлерін жоспарланды:

-жалпы ата-аналар жиналыстары; ата-аналар қатысуымен педагогикалық кеңес;қайырымдылық күндері; ата-аналар мен балалардың бірге сенбіліктері, мейрамдар мен ойын-сауықтар; ертеңгіліктер; туған күнді атап өту; концерттер, жарыстар; балалар

жұмыстарының, отбасылық суреттер көрмесі; балабақшадан тыс біріккен экскурсиялар мен серуендер; қайырымдылық акциялары т.бб.

Белгіленген іс-жоспар бойынша балабақша психологі кеңес, дөңгелек үстел, ойын-сауықтар, пікір-сайыс түрінде өткізіліп ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізілді. Психолог сауалнамалар беру арқылы ата-аналардың ой- пікірлерін ескеріп отырды. Кейбір ата-аналар өз пікірлері мен ойларын ұсыныстар кітапшасына жазып, ұжымға деген өз ойларын білдірді. Отбасымен біріккен іс- әрекеттерде баланың дене және танымдық дамуы үшін жағдайлар жасалды. Ата- аналармен жұмысты жаңашаландырып жетілдіруді жалғастыру.

Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмысы

Максаты:

- жарғылық қызметтерді жүзеге асыруға, мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал ету;
- тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуын, мектепке дейінгі ұйымның шотына түскен қайырымдылық көмектің жұмсалуды бақылауда ұстау.

Бағыты:

- әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуде мектепке дейінгі ұйымға көмек көрсету;
- сапалы білім алуға ықпал ету;
- заттық-дамытушы ортасын құру
- Қамқоршылық кеңесін құру туралы бұйрық шығарылып, қамқоршылық кеңесі туралы ереже құрылып, құрамы бекітілді.

№	Аты-жөні	Жұмыс орны
1	Танабай Шапағат	психолог
2	Әбдіханова Болырыз Асылбековна	Үй бикесі
3	Абілхайыр Айым Бақытжанқызы	Үй бикесі
4	Оспанова Зейнеп Бақытжанқызы	Үй бикесі
5	Талибова Гулмира Халжигиткизы	«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы білім беру мекемесінің қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланды. Төрайымының өкілеттілік мерзімі Қамқоршылық кеңесіндегі оның басшылығы мерзімімен шектелді. Төрайымының орынбасары мен хатшысы қамқоршылық кеңеспен сайланады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз тапсырмаларын өтеусіз негізде орындады.

Басқа мекемелермен сабақтастық жүйесі

Балабақша педагогтары тәжірибе алмасып сабақтастық жұмысын «Көппай Омаров» жалпы орта мектебімен үздіксіз жұмысын жалғастырдық. Балабақша ертенгіліктеріне, ашық көрсетілімдеріне осы білім беру мекеменің педагог-қызметкерлері келіп балалардың білімін бақылап, оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру жұмыстарымен танысып өзара тәжірибе алмасты. Жылына екі рет орталық кітапханасына тәрбиеленушілерді апарып дәріс алды. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен педагог-мамандарға арналған семинар-практикумға балабақша педагогтары белсенділік танытып қатысты.

Түлектер туралы мәлімет

2024-2025 жылы 25 түлек мектепке дайындап шығардық. Былтырғы балабақша түлектерінің жетістіктері:

Ертеңгіліктер мен ойын-сауықтар

Қыркүйек: Білім күні барлық топтар, Отбасы күні барлық топтар, Тілдер күні ортаңғы, ересек топтар.

Қазан: «Алтын күз» - музыкалық ойын-сауық ортаңғы, ересек топтар; «Күздің сыйы» - кіші топ; Жол жүру ережесін білесің бе? Ойын-сауық барлық топ

Қараша: «Өрттен Абай бол!» - ортаңғы, ересек топтар; спорттық жарыс таза ауада – барлық топ; Ауыл орталық кітапханаға саяхат «Кішкентай оқырман» ересек топтар мен мад тобы, «Үздік педагог» - байқауы

Желтоқсан: «Тәуілсіз Қазақстан» ертеңгілік, «Ертегілер, ертегілер» барлық топтар; «Жаңа жылда, жаңа жыр»

Қаңтар: «Өнерлі өрге жүзер» (шығармашылық) – барлығы, «Жас ғалым» сайысы – мад тобы.

Ақпан: «Мейірімділік, сүйіспешілік елінде» ортаңғы, ересек топтар; «Бағдаршам мектебі» - барлық топтар; «Ойыншықтар әлемі» - кіші және ортаңғы топтар; «Әкем-анам және мен» спорттық жарыс – ересектер тобы, мад тобы.

Наурыз: «Алғыс айту күні» - барлығы; «Анам менің қымбатты» ертеңгілік; Наурызды тойлаймыз (фольклордық мереке) – барлығы; Би алаңы тамаша;

Сәуір: «Күліп өмір сүрейік»; Құстар күні барлық топтар; «Ғарыштың ғажабы» - ортаңғы, ересек топтар. «Үйдегі қауіпсіздік мектебі» - ересек топтар, мад топтары. «Бұрымды қыз» - ересектер тобы.

Мамыр: «Бірлік күні» - барлық топтар, «Отан қорғаушы»; «Жеңіс күні» - ортаңғы, ересек; «Қош бол балабақша» мад тобы жоспарланған шаралар барлығы өткізілді.

Байқау- конкурстары: «Менің тобым ерекеше топ», «Қардан жасалған қысқы құрылыстар»; «Салт- дәстүрді көрсете отырып балалардың тілдерін дамыту»; «Гүлзар» акциясы өткізілді.

Педагогтардың рейтингі бойынша ақпарат:

Жыл бойы белсенділік танытқан «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Н. Амантайқызышығармашылық белсенділігімен.

Рейтинг бойынша педагогтарға ұсыныс: Білім беру үрдісін оқу-тәрбие, әдістемелік және ғылыми негізде ұйымдастыру. Пәндер бойынша неғұрлым тиімді әдістерін таңдау арқылы сапалы білімге қол жеткізу. Бүгінгі күн талабына сай білім беру үрдісін ақпараттандыру. Озық ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін ҰІӨ өту процесінде қолдану. Ұжымда шығармашылық ахуал тудырып, жас маман педагогтар жаңашыл технологиялар іс-әрекетіне еңгізуді қолға алу. Авторлық бағдарламалар, БАҚ мақала жазып, әр педагог маман ізденісте жұмыс атқару керек.

«ЖАЗ 2025» міндеттері: Жаз мезгілінде балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстарын нығайту; Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау, қызықты және мазмұнды ету; Дене және психикалық денсаулығын нығайту; Балалардың денсаулығын сақтау, әрі нығайту, гигиеналық және дене шынықтыру мәдениеті негіздерін, денсаулыққа маңызды өмірлік құндылықтарды қалыптастыру; Жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, жаз байлығын, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету. Табиғатты аялауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалардың өмірі мен тұлға қауіпсіздігінің сақталуына жағдай жасау, түрлі аурулардың алдын – алу, жарақаттануды болдырмау; Сауықтыру, шынықтыру шараларын ұйымдастыруды жүйелі жүзеге асыру; Әлеуметтік – мәдени сәйкестену мен төзімділігін тәрбиелейтін орта қалыптастыру; Педагогикалық және әлеуметтік тұрғыда ата - аналарды сауықтыру, шынықтыру шараларымен сауаттандыру; Балалардың қызығушылығын арттыру.

«Үздік топ 2025» Биылғы оқу жылында топтардың пәндік-дамытушы ортасында өзгерістер тек үстіртін барлық топтарды бақылап анықтай келе, «Балбөбек» мен «Балдәурен» тобының педагогтарының жалпы жетістіктері мен белсенділігін бағалай отыра осы екі топты марапаттаймыз.

Жылдық міндеттеменің орындалуы жақсы деп баға берілді. Бөбектер бақшасының 2024-2025 жылдық жоспары толық орындалды.

Мониторинг қорытындысы бойынша балалардың тілдік дамуы маңызды мәселе болып қалуда. Бұл балалардың сөздік қоры жеткіліксіз болғандықтан; кейбір балада сөйлеу бұзылыстары бар, сөйлеу ақаулары байқалады, баланың сөйлеу дамуына әсер ететін қолдың ұсақ моторикасы нашар дамығаны. Осы мәселені басшылыққа ала отырып келесі оқу жылына балалардың физикалық, психикалық және эмоциялық денсаулығы жағдайын ескере отыра дамытушылық оқытуды нығайту үшін оңтайлы орта құру. Білім беру қызметіне жүргізілген талдау келесі бағыттарда жұмысты жалғастыру қажеттілігін көрсетті: балалардың балабақшаға қатысу пайызын арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру; балалардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттерін қалыптастыру, білім беру салаларын игеру барысында әр-түрлі нысандар пайдалана отырып интеграциялау. Педагогтарды өз бетінше білім алу жүйесі арқылы бағдарламаға сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру, технологияларын игеру бойынша педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту; аудан, облыс деңгейінде дөңгелек үстелдер, авторлық бағдарлама, әдістемелік бірлестік, мастер-клас арқылы жұмыс тәжірибесін тарату.

1. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, педагогикалық ұжым өз алдына 2025-2026 оқу жылына келесі міндеттерді қояды:

1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық тәрбие беру барысында тілдерін дамыту»;
 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу»;
 3. Мектепке дейінгі білім берудің МЖББС талаптарын және мектепке дейінгі білім берудің білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін ескере отырып, педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру; балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту; жаңа педагогикалық технологияларды, инновациялық білім беру бағдарламаларын меңгеруді жандандыру
- Келесі 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспарды жүзеге асыру болжамы: Педагогтармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру:**

1. Педагогтарды өз бетінше білім алу жүйесі арқылы бағдарламаға сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру, технологияларын игеру бойынша педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту; аудан, облыс деңгейінде дөңгелек үстелдер, авторлық бағдарлама, әдістемелік бірлестік, мастер-клас арқылы жұмыс тәжірибесін тарату.

2. Педагогтардың баланы дамытудағы ізденісі.

3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, ой-өрістерін және тілдерін жетік дамыту. Балалардың танымдық дамуы жобалық қызметі арқылы ұйымдастырылып интеллектуалды деңгейінің сапасын арттыру.

4. Балалардың танымдық қабілеттеріне қарай үйірме жұмысын қарастыру.

Педагогикалық кеңес Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік

жалпыға бірдей

міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім талдау және зерттеуді

ағдысын бала дамуының психологиялық-

педагогикалық қолдауы ұйымдастыра білуге кәсіби құзіреттілікті меңгеруге көмек беру.

№1 педагогикалық кеңес.

№	Мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1.	«Жаңа оқу жылына дайындық» Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы балабақша Қызметінің негізгі бағыттары мен танысып, жүзеге асыру жұмыстары. 1. Жазғы маусымдық іс-шаралары.	Тамыз	Топ
	2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №3486 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы.		тәрбиешілер
	3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдары 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.		Менгеруші
	4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2025-2026 оқу жылына арналған іс- әрекетінің кестесін бекіту.		Әдіскер
	5. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын талдау. Жаңа нормативтік-құжаттарымен танысып, талқылау.		
	6. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспары бекітілсін.		Менгеруші
	7. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.		
	8. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту.		
	9. Ағымдағы мәселелер: - Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы. - 2025-2026 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту.		
			- КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»
№2 педагогикалық кеңес.			
	Мазмұны	мерзімі	жауапты
2	ТАҚЫРЫБЫ: Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру. МАҚСАТЫ: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау. КҮН ТӘРТІБІ: 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Қозғалыс шеберлігі мен дағдыларын қалыптастырудағы қозғалмалы ойынның рөлі».	қазан	

	3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз орта» баяндама.		
	4. Баяндама: «Ойынарқылыбалалардыкеңістікті бағдарлау және есептеуге үйрету жолдары». 5. Біркүндіккүнтәртібініңсақталуы. Жеделтексеру қорытындысы барлық топтарды. КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»		
	№3 педагогикалық кеңес.		
	Мазмұны	мерзімі	жауапты
3	№ 3 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы МАҚСАТЫ: Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру КҮН ТӘРТІБІ: 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама 3. Балалардыңөмірі мен денсаулығынқорғаужөніндегіқыс мезгіліндегі нұсқаулық. 4. Эпидемиологиялықкезіндегі тұмаудыңалдыналуы. 4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу». Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.	желтоқсан	Менгеруші Әдіскер педагогтар Тәрбиеші Педагогтар Мейірбике
	№4 педагогикалық кеңес		
	Мазмұны		
	ТАҚЫРЫБЫ : «Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу» МАҚСАТЫ: Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу КҮН ТӘРТІБІ: 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама 3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы (тәжірибе алмасу) 4. Балалардың денедәмуының көрсеткіштерін сараптау балабақша	Наурыз	Менгеруші Әдіскер Мейірбике тәрбиешілер

мейірбикесінің есебі.		
